Рисунок – 1. Импорт необходимых библиотек и функция, выполняющая диалог с пользователем

Был разработан сайт с использованием HTML, CSS и JavaScript, который будет служить интерфейсом для чат-бота. Затем, сайт был интегрирован с мессенджером Telegram.




Рисунок – 2. Развертывание бота на сервере




Рисунок – 3. Интерфейс чат-бота

Реализация приема платежей осуществляется посредством Telegram Payments. В Telegram Payments указывается информация о платежном провайдере. Платежный провайдер - это сервис, который обрабатывает платежи от пользователей и переводит деньги на счет продавца.

Затем, нужно связать платежного провайдера с аккаунтом Telegram. Это позволяет Telegram обрабатывать платежи через вашего платежного провайдера и переводить деньги на ваш счет.



Рисунок – 4. Коммуникативная сессия в чат-боте

Разработанный чат-бот для приема платежей является удобным инструментом для совершения покупок онлайн. Оплатить за товары и услуги клиенты могут оставаясь в мессенджере, которого используют ежедневно. Для завершения оплаты не нужно переходить на иные сайты и приложения. Бот, реализованный в мессенджере Telegram, успешно выполняет свои задачи.

*Сафина Д.М., Жеңіс Ж.Т., студенттер
Хабдолда Б., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕ
ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ**

ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ЖАҚТАРЫ

Аннотация:

Осы мақалада жалпы білім беретін мектептерінде күнделікті сабақ беру кезінде инновациялық технологияларды пайдалану мәселесі қозғалады. Педагогикалық тәжірибе кезінде кездескен жағымды әрі жағымсыз тұстары жайында ойларымен бөліседі. Инновациялық технологияларды қолдану кезінде кезіккен артықшылықтары және кемшіліктері талқыланады. Тәжірибеде қолданылған платформалардың аттары жазылып, қорытынды ойларын жеткізеді.

Кілт-сөздер: технология, білім беру, инновациялық тәсілдер, білім беру процесі, зерттеулер, педагогикалық тәжірибеміз, оқыту тиімділігі, мотивациясын арттыру, қолжетімді білім, оқыту тәсілдері, инновациялық платформалар, мүмкіндік, инфрақұрылым, Wi-Fi желісі.

Технология өмірдің әртүрлі салаларында шешуші рөл атқарады. Қазіргі әлемде білім беру оқытудың тиімділігін арттыру үшін инновациялық тәсілдерді белсенді түрде енгізе бастады. Қазақстанда ең алғаш “инновация” ұғымын қазақ тілінде анықтаған ғалым, профессор Немербай Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдісі деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызмет” деп көрсетеді.

Өзгерістер мен даму қарқыны ерекше жоғары информатика саласында инновациялық технологиялар білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналады. Бұл мақалада біз информатиканы оқытуда инновациялық технологияларды қолданудың оң және теріс жақтарын қарастырамыз.

Бірінші кезекте біз әртүрлі мақалалар мен зерттеулердің пікірін қарастырамыз. Одан кейін өзіміздің тәжірибемізге сүйеніп жасаған талдауымызды және ой түйінімізді қортындылаймыз. Біз педагогикалық тәжірибемізді 2024-інші жылдың 1-сәуірінде бастап 27-сәуірінде аяқтадық. Осы уақыт аралығында Қарағанды қаласындағы 2 мектептен: Сафина Диана 16-мектепте, ал Жеңіс Жангер 102-мектепте инновациялық технологияларды және оқыту әдістерін қосу арқылы балаларды оқыту тиімділігін зерттедік.

Артықшылықтарына келсек: оқушылардың мотивациясын арттыру, жеке оқыту, қосымша тәжірибелер, қолжетімді білім болып табылады. Яғни, ойынға негізделген оқыту тәсілдері және виртуалды зертханалар сияқты инновациялық технологиялар оқу процесін оқушылар үшін қызықты ете алады. Бұл олардың мотивациясын арттыруға көмектеседі. Сонымен қатар, инновациялық технологияларды пайдалану жекелендірілген материалдар мен тапсырмаларды қамтамасыз ету арқылы оқытуды әрбір оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заман талабымен ұштастырғанда интерактивті оқыту құралдары, соның ішінде онлайн семинарлар мен виртуалды тренажерлар оқушыларға алған білімдері мен дағдыларын практикалық қолдану үшін көбірек мүмкіндіктер береді. Инновациялық технологиялар білім беруді қолжетімді етеді, бұл әртүрлі аймақтар мен елдердің студенттеріне үйден шықпай-ақ сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Осы кезекте біз өзіміздің тәжірибеміздегі бақылауымызға сүйенсек: шыныменде оқушылармен осындай инновациялық платформалармен жұмыс жасаған тиімді әрі ыңғайлы. Себебі, қазіргі оқушылар инновациялық технология арқылы ақпаратты заман ағымына сай, өздеріне түсінікті тілде жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тапсырма беру немесе тексеру кезінде, оған қоса бағалау кезінде мұғалімнің уақытын үнемдейтінін байқадық. Біз Google Forms, Kahoot, Mindomo, Wordwall платформаларын қолдандық. Оқушылар бір-бірімен бәсекелесу арқылы және сыйды алуға ұмтылысы пайда болады. Біз осы платформаларды көбіне оқушының өткен тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау үшін пайдаландық.

Кемшіліктері жайында көп, біз оқыған мақалаларда, техникалық қолдау қажеттілігі, шектеулі қолжетімділік, әрқашан тиімді бола бермейді. Инновациялық технологияларды пайдалану тиісті инфрақұрылым мен техникалық қолдауды қажет етеді, бұл кейбір оқу орындары үшін қиындық тудыруы мүмкін. Кейбір инновациялық технологиялар жоғары шығындарға немесе Интернетке қолжетімділіктің шектеулі болуына байланысты қолжетімді болмауы мүмкін, бұл білім беру мүмкіндіктерінің теңсіздігін тудырады. Барлық артықшылықтарға қарамастан, кейбір әдістер мен технологиялар аз болуы мүмкін. Мысалы, әлі барлық мектептерде

толыққанды қажетті техникамен қамтылмаған немесе ескі техникалармен, ескі бағдарламалық жасақтамамен жұмыс жасайды.

Өзіміздің тәжірибедегі кездескен қиыншылықтар және мәселелер: уақыт тапшылығы, интернет желісі барлығына бірдей қолжетімді болмауы, оқытушының сабаққа дайындығына уақыттың көбірек кетуі. Біріншіден, осы сайттарды дайындап алып келу үшін біз түні бойына дейін осы сайттарға ақпарат енгізу керек болдық. Себебі, әр сыныпқа индивидуальді әр тақырыптарға тестілер мен ойындарды дайындау көп уақыт алады. Екіншіден, сабақ уақыты 40 минут қана. Сол себепті де осындай технологиялармен бұрын-соңды жұмыс істемеген оқушыларға түсіндіру мен оларды іске қосу уақыт алады. Жаңа тақырып түсіндіру және тәжірибеге уақыт жетпеуі мүмкін. Үшіншіден, барлық мектеп өзінің интернет, Wi-Fi желісі түгiлi компьютермен толық жабдықталмаған. Сол себепті, компьютер жетпеген жағдайда жұппен жұмыс жасатып, смартфонды интернет желісі жоқ оқушыларға оқытушылар өз интернет желісін тарату арқылы ғана жұмыс жасалады.

Қортындылай келе, инновациялық технологияларды информатиканы оқытуда пайдалану өте тиімді деп ойлаймыз. Егер қазірден бастап ұстаздар оқушыларына инновациялық технологиялар мен әдістерді пайдаланса оқушылар 2-3 жыл ішінде үйренісіп кетеді. Сонда осындай әдісті қолдану уақытты алмайды, керісінше уақытты пайдалануды тиімді етеді. Ал, ұстаздар тек өздері дайындап қойған шаблондарды әр жыл сайын толықтырып отырады. Себебі, қазіргі заман ағымына ілесе білім беру әлдеқайда жақсы әрі оқушылар мен ұстаздарға оңтайлы жағдайлар жасайды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Алматы Технологиялық Университеті, Алматы қаласы Керімбаева В.Ж. аға оқытушысының мақаласы “Информатика сабағында жаңа инновациялық технологиялар маңызы” 2016 жыл <http://repository.atu.kz/xmlui/bitstream/handle/123456789/1911/Керімбаева.doc?sequence=1&isAllowed=y>

2. “Информатика пәнін жаңа тұрғыда оқытуда оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары” мақала, Бейшова М.А. 2023 жыл

<https://cyberleninka.ru/article/n/informatika-p-nin-zha-a-t-r-yda-ot-ytuda-o-ushylardy-zyy-ushyly-yn-arttyru-zholdary>

3. Абдраманова, Г. Б. Инновациялық технологиялардың білім берудегі ролі / Г. Б. Абдраманова, Г. О. Байзулдаева. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2015. — № 7.1 (87.1). — С. 4-6. — URL: <https://moluch.ru/archive/87/16662/>
4. Инновационные технологии в образовательном процессе: противоречия и перспективы / Автор: ТА Заглодина
<https://cyberleninka.ru/article/n/innovatsionnye-tehnologii-v-obrazovatelnom-protssesse-protivorechiya-i-perspektivy/viewer>
5. Использование интерактивных методов обучения как условие становления социально-профессионального опыта студента / Валева М.В
<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-metodov-obucheniya-kak-uslovie-stanovleniya-sotsialno-professionalnogo-opyta-studenta/viewer>
6. Новые технологии эффективного вовлечения обучающихся в процесс обучения / Автор: ВА Чулюков
<https://cyberleninka.ru/article/n/novye-tehnologii-effektivnogo-vovlecheniya-obuchayuschih-sya-v-protsess-obucheniya/viewer>
7. Использование интерактивных технологий на уроках информатики как средства повышения мотивации учащихся к предмету / Автор: ИИ Иванова
<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-tehnologiy-na-urokah-informatiki-kak-sredstva-povysheniya-motivatsii-uchaschihsya-k-predmetu/viewer>
8. Использование интерактивных онлайн досок на уроках информатики и робототехники/ Автор: АЮ Дьяченко
<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-interaktivnyh-onlayn-dosok-na-urokah-informatiki-i-robototehniki/viewer>
9. Использование современных мультимедийных технологий в процессе обучения / Автор: ГИ Харченко
<https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-sovremennyh-multimediynyh-tehnologiy-v-protssesse-obucheniya/viewer>
10. Электронный учебник: возможности, проблемы, перспектив / Автор: О Григорьева
<https://cyberleninka.ru/article/n/elektronnyy-uchebnik-vozmozhnosti-problemy-perspektivy/viewer>

11. Применение интерактивных методов обучения при преподавании учебных дисциплин "информатика" и "информационные технологии" в казанском филиале ранх и гс /Автор: ЛИ Гурина <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-interaktivnyh-metodov-obucheniya-pri-prepodavanii-uchebnyh-distsiplin-informatika-i-informatsionnye-tehnologii-v/viewer>

*Балташова У.Д., Берікқызы М., студенттер
Хабдолда Б., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАҚСARTУҒА АРНАЛҒАН 10 ТИІМДІ СТРАТЕГИЯ

Аннотация:

Мақала мектептерде информатиканы оқыту нәтижелерін жақсартуға бағытталған 10 тиімді стратегияны ұсынады. Қолайлы білім беру ортасын құру, интерактивті материалдарды пайдалану, информатиканы басқа пәндермен интеграциялау және т.б. сияқты нақты әдістерді сипаттай отырып, авторлар педагогикалық практика барысында осы стратегияларды практикада қолдану тәжірибесімен бөліседі. Олар әр стратегияның артықшылықтарын ғана емес, оларды қолданудан алынған нәтижелерді де талқылайды.

Кілт сөздер: информатика, білім беру, оқу процесі, тиімді стратегиялар, педагогикалық практика, жеке көзқарас, интерактивті оқу материалдары, пәндерді интеграциялау, практикалық қолдану, мұғалімдердің біліктілігін арттыру, оқыту әдістерінің әртүрлілігі, жетістіктерді ынталандыру, ата-аналармен ынтымақтастық.

Информатика саласындағы білім қазір әлем елдерінде маңызды рөл атқарады. Маңыздылығына байланысты оқушыларды информатика пәнінен оқыту нәтижелерін жақсарту педагогтар мен білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін оқушылардың осы саладағы жетістіктерін арттыруға көмектесетін көптеген тиімді

стратегияларды қолдану қажет. Бұл мақалада біз информатика бойынша оқу нәтижелерін жақсартуға көмектесетін 10 тиімді стратегияны қарастырамыз және мектепте өткен отыз күндік педагогикалық тәжірибеде алған нәтижелерімізді іс жүзінде талқылаймыз.

Қарастырылатын **бірінші стратегия** - қолайлы білім беру ортасын құру. Мектеп мекемелері жеткілікті компьютерлер мен бағдарламалық жасақтамасы бар компьютерлік сыныптар сияқты информатика сабақтарына дұрыс жағдай жасауы керек [1].

Біз тәжірибеден өткен мектептер Қарағанды қаласындағы «№36 ЖББОМ» КММ және «Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы» КММ. Бұл мектептерде әр оқушы үшін жеткілікті компьютерлер, ноутбуктар, жабдықтар және интернетке қол жетімділігі бар заманауи компьютерлік сынып ашылған. Бұл пәнді оқу үшін қажетті ресурстарға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, ыңғайлы жағдайда информатика сабақтарын өткізуге мүмкіндік берді. Оқушы саны көп сыныптар үшін информатика кабинетінде компьютерлер саны кейде жеткіліксіз болды. Ондай жағдайда біз ноутбуктарды сол сыныптың өз кабинетіне апарып, әрқайсына жеке ноутбук тарату арқылы сабағымызды ойдағыдай өткізе алдық.

Екінші стратегия - интерактивті оқу материалдарын әзірлеу және пайдалану. Дәстүрлі оқулықтардың орнына бейне дәрістер, онлайн курстар немесе арнайы білім беру платформалары сияқты заманауи технологияларды қолданған жөн. Осының арқасында оқушылар материалды өз бетінше оқып, оны іс жүзінде бекітуге мүмкіндік алады.

Болашақ информатика мұғалімдері ретінде біз бейне дәрістер, интерактивті тапсырмалар және практикалық жаттығулардан тұратын онлайн платформаларды пайдаланып көрдік. Нәтижесі керемет. Қазіргі кезде заман талабына сай оқушыларды сабаққа бірден еліктіріп әкету анау айтқандай оңай емес. Дегенмен, жаңа технологиялардың арқасында бұл - мүмкін! Бұл оқушыларға материалды ыңғайлы уақытта өз бетінше үйренуге, оқу материалымен тереңірек өзара әрекеттесуге мүмкіндік берді.

Үшінші стратегия – информатиканы басқа пәндерге біріктіру. Информатиканы оқыту тек жеке сабақ аясында ғана

емес, сонымен қатар басқа пәндер аясында да жүргізілуі керек. Мысалы, математика мен физиканы информатикамен біріктіруге болады, бұл оқушыларға бағдарламалау мен алгоритмдердің негіздерін жақсы түсінуге және қолдануға көмектеседі.

Физика сабақтары аясында оқушыларға физикалық құбылыстарды модельдеу үшін тренажер бағдарламасын жазу ұсынылды. Бұл оқушыларға бағдарламалау дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, информатиканы практикалық қолдану арқылы физика заңдылықтарын жақсы түсінуге мүмкіндік берді.

Төртінші стратегия – информатиканы практикалық қолдану. Оқушыларға әртүрлі жобалар мен міндеттерді орындау арқылы алған білімдерін іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беру қажет. Бұл оларға материалды тиімдірек үйренуге және алған дағдыларын нақты өмірде қолдануға үйренуге көмектеседі [7].

Жоспар бойынша 10-сынып оқушылары web-жобалау тақырыбын өткен болатын. Біз оларға жергілікті қайырымдылық ұйымы үшін веб-сайт құру жобасын әзірлеу туралы тапсырма бердік. Мұндағы мақсатымыз - алған бағдарламалау білімдерін сайтты құру үшін пайдалана білу, бұл оларға теориялық білімді іс жүзінде қолдануға және командада құнды тәжірибе алуға мүмкіндік берді деп айта аламыз.

Бесінші стратегия – ойындар мен жарыстарды пайдалану. Бағдарламалау жарыстарын ұйымдастыру немесе ақпараттық ойындар өткізу оқушылардың назарын көбірек аударуға және олардың осы пәнге деген қызығушылығын дамытуға мүмкіндік береді. сонымен қатар, мұндай іс-шаралар қарым-қатынасты, топта жұмыс істеуді және мәселелерді шешуді үйретеді.

Мектепте информатика бойынша интеллектуалды турнир ұйымдастырылды, оның аясында оқушылар түрлі міндеттер мен басқатырғыштарды шешуде бақ сынасты. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын оятып, олардың дағдыларын жетілдіруге түрткі болды.

Алтыншы стратегия - әр оқушыға жеке көзқарас. Мұғалімдер әр оқушының ерекшеліктерін ескеріп, жеке оқыту әдістерін ұсынуы керек. Уақыт пен ресурстардың жеке тәсілге жұмсалуды оқушылардың жетістіктерінің артуы нәтижесінде өзін - өзі ақтайды [5].

Біздің тәжірибемізде материалды игеруде қиындықтарға тап болған оқушылар да кездесті. Олар үшін біз арнайы қосымша сабақтарды ұсындық. Жеке тәсілдің арқасында ол білімдегі олқылықтарды толтырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізе алды. Бұл жағдайда бізге көмекке келген мына платформалар: lino it, padlet, wikiwall, quizlet, learningapps.org, wordwall, liveworksheets, canva, google форма және т.б.

Жетінші стратегия – мұғалімдердің біліктілігін үнемі арттыру. Мұғалімдер соңғы тенденциялардан хабардар болу және оқушыларға ең өзекті ақпаратты беру үшін информатика бойынша мамандандырылған курстар мен тренингтерге қатысуы керек [3].

Мектептерде бізге бекітілген жетекшілеріміз, яғни информатика мұғалімдері информатиканы оқытудың жаңа әдістері мен заманауи білім беру технологияларын қолдану бойынша семинарлар мен біліктілікті арттыру курстарына үнемі қатысып отыратынын байқадық. Бұл жайт бізге түртіп аларлықтай тәжірибе болды. себебі, қайткенмен де информатика бір ағында ғана тұратын сала емес, жаңашылдықты үнемі талап етеді!

Сегізінші стратегия – оқыту әдістерінің әртүрлілігі. Оқушыларға әр түрлі жұмыс түрлері ұсынылуы керек: жеке тапсырмалар, топтық жобалар немесе тапсырмаларды бірлесіп шешу. Бұл оқу процесін байытады және информатика тек бір түрдегі қызметпен шектелмейтінін түсінуге көмектеседі [8].

Информатика сабағының бөлігі ретінде оқушыларға топтың әр мүшесі белгілі бір рөл атқаратын топтық жоба құру ұсынылды. Бұл ынтымақтастықты ынталандыруға және командалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік берді.

Тоғызыншы стратегия - жетістіктерді ынталандыру. Информатикадағы жетістіктерді, мысалы, мойындауды көпшілік алдында білдіруге, оқушылардың белсенділігі мен нәтижелеріне қарай рейтинг жүргізуге ынталандыру керек. Бұл мектеп оқушыларын тақырып бойынша белсенді және саналы жұмыс істеуге ынталандырады.

Информатика сабағындағы ең жақсы оқушылар жетістіктері үшін сыйлықтар мен марапаттарға ие болды, бұл оларды одан әрі табысқа жетуге және сабаққа белсенді қатысуға ынталандырды.

Оныншы стратегия - ата-аналармен ынтымақтастық. Ата - аналар білім беру процесінде маңызды рөл атқарады. Олармен ынтымақтастық, ата - аналар жиналыстары мен ашық сабақтар информатиканы оқыту үшін қолайлы атмосфера құруға және үйдің қызығушылығын сақтауға мүмкіндік береді.

Жетекшілеріміз ата-аналар кездесулерін ұйымдастырды және бұл кездесуді жүзізуге біз мүмкіндік алдық. Онда ата-аналар оқыту әдістері туралы ақпарат ала алды және балаларының пәнге деген қызығушылығын қолдай алды. Неге? Себебі, жаңа технологияларды пайдалану арқылы ата-аналарға ұтымды тренинг өткіздік. Бұл информатиканың мүмкіндіктерін тағы бір мәрте көрсетуге үлкен себеп болғандай. Кездесу соңында ата-аналарға балалары үшін информатика пәнінің маңыздылығын, бұл пәнге немқұрайлы қарамауларын айтып түсіндірдік. Шыны керек, информатика бұрыңғыдай компьютерді қосып қойып «Миллион кімге бұйырады?» ойынын ойнап отыратын пән емес. стереотиптің бұзылғанына біраз болса да көбісі бұл пәнге шындап кірісе қоймағаны айтпаса да түсінікті. Қысқасы, информатика – орнын ойып тұрып аларлықтай пән, ол ешқашан ағыннан қалған емес!

Осылайша, бұл мақалада информатика бойынша оқу нәтижелерін жақсартуға көмектесетін 10 тиімді стратегия қарастырылды. Жоғарыда аталған стратегияларды қолдану оқушылардың информатика бойынша оқу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Қолайлы білім беру ортасын құру, интерактивті материалдарды пайдалану, информатиканы басқа пәндермен интеграциялау, практикалық қолдану және мұғалімдердің біліктілігін үнемі арттыру - осы факторлардың барлығы оқушылардың информатика саласындағы дағдылары мен білімдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Әрбір оқушы бірегей екенін есте ұстаған жөн және оған сәйкес келетін стратегияларды табу үшін әртүрлі стратегиялармен тәжірибе жасау қажет болуы мүмкін. Бұл стратегияларды қолдану оқу нәтижелерін жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар оқушыларға Тәуелсіздік, сыни ойлау, қарым - қатынас және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі. сөз соңында, осы стратегияларды қолдана отырып, информатиканы зерттеуге уақыт пен күш жұмсау болашақта айтарлықтай пайда әкелуі мүмкін дегіміз келеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Шекербекова Ш. Т., Салгожа И. Т., Тойшыбек Т. Т. Информатиканы оқыту барысында оқушылардың ақпараттық құзырлығын қалыптастырудың құрылымдық-функционалдық моделі //Вестник «Физико-математические науки». – 2020. – Т. 72. – №. 4. – С. 282-288.
2. Жақыпбекова Г. А., Рысжанова А. С. Бастауыш сыныптарда информатиканы оқытудың әдістемелік ерекшеліктері //Интернаука. – 2021. – №. 17-4. – С.13-14.
3. Маликова Н. Т. Білім беруді цифрландыру жағдайында болашақ информатика мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселелері //Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Педагогические науки». – 2021. – Т. 69. – №. 1. – С. 58-66.
4. Алипова А. К., Турганбаева А. Р. Бастауыш мектепте информатика пәнін оқытуда ойын тәжірибесін енгізудің артықшылықтары //Вестник «Физико-математические науки». – 2023. – Т. 84. – №. 4. – С. 218-227.
5. Муслимова Ж. Информатика сабағында оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалану //«Qazaq Journal of Young Scientist» халықаралық ғылыми журналы. – 2024. – Т. 2. – №. 1. – С. 36-40.
6. Жақыпбекова Г. Т. и др. Болашақ информатика мамандарының электрондық білім беру ресурстарын қолданудағы кәсіби күзиреттілік //Теория и практика современной науки. – 2021. – №. 6 (72). – С. 273-279.
7. Маужигитова А. Г., Медешова А. Б. Информатика сабағында оқушылардың іт құзыреттілігін қалыптасытыру //Endless light in science. – 2024. – Т. 7. – №. март 2. – С. 36-39.
8. Бимурзаева А. Г. Информатика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру //вестник жетысуского университета имени и. жансугурова. – 2023. – №. 4 (109). – С. 45-50.
9. Кеңес Б., Кочак М., Есполова Е. Информатика саласына қатысты мектеп оқулықтарында терминдердің қолданылуы //Научно-педагогический журнал «Білім» Национальной академии образования им. Ы. Алтынсарина. – 2024. – Т. 108. – №. 4. – С. 19-28.
10. Ботабекова Р. И., Тойшибекова К. С. Білім берудегі мобильді технологиялардың рөлі //Endless light in science. – 2024. – №. 2. – С. 14-23.

*Авазханов А.А., студент
Хабдолда Б., аға оқытушы
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОНЛАЙН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Бұл тұжырымдар Қазақстандағы онлайн білім берудің сапасы мен әділдігін арттыру үшін цифрлық инфрақұрылымға, педагогикалық инновацияларға және қолдау жүйелеріне стратегиялық инвестициялардың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу жаһандық сын-қатерлерге жауап ретінде білім берудің үздіксіз трансформациясы және оқу тәжірибесін қолдау және байыту үшін цифрлық технологияның әлеуеті туралы құнды түсініктерге ықпал етеді.

Түйін сөздер: Онлайн оқыту құралдары, Қазақстандық білім беру жүйесі, Оқушылардың қатысуы, Цифрлық инфрақұрылым, Педагогикалық инновация, Білім беру теңдігі.

КІРІСПЕ

Цифрландыру арқылы жоғары білімді трансформациялау ұлттық бәсекеге қабілеттілікті арттырудың негізгі стратегиясы болып табылады. Жаһандық даму траекторияларына ілесе отырып, Қазақстан Республикасы «Цифрлық Қазақстан» және «Білімді ұлт – сапалы білім беру» сияқты стратегиялық бастамаларды қолға алды.[1;2].

Қазақстанның білім беру жүйесі онлайн оқытуға айтарлықтай көшуді бастан өткерді, әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде айқын көрінді. Қазақстандық медициналық университетте жүргізілген секциялық зерттеу оқытушылар мен оқушылар үшін қиындықтар мен мүмкіндіктерді ұсынатын бетпе-бет оқытудан онлайн оқытуға жылдам ауысуды атап өтті. Бұл ауысым негізінен карантиндік шаралармен мәжбүр болды, дегенмен көптеген респонденттер бірнеше қиындықтарға қарамастан қашықтықтан оқыту режимін таңдады [3].

ОНЛАЙН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫН ТАЛДАУ

Қазақстанда COVID-19 індеті қажет еткен онлайн-оқытуға жылдам көшу білім берудің үздіксіздігін қамтамасыз етудегі цифрлық платформалардың маңызды рөлін атап өтті. Қабылданған түрлі платформалардың ішінде «Bilim Class» елдегі онлайн білім беру саласына елеулі үлес қосты.

Қазақстанда қолданылатын онлайн оқыту платформалары мен әдістемелеріне шолу: Қазақстанның пандемияға қарсы әрекеті Moodle, Microsoft Teams және Zoom сияқты әр түрлі цифрлық платформаларды жылдам қабылдауды көрсетті, олардың әрқайсысы қашықтықтан оқытуды қолдау үшін бірегей функцияларды ұсынады [4].

ӘДІСТЕМЕ

Зерттеу жобасы онлайн оқыту құралдарының тиімділігін жан-жақты бағалау және Қазақстандағы жоғары сынып оқушылары мен мұғалімдері кездесетін негізгі қиындықтарды анықтау үшін аралас әдістер дизайнын таңдайды. Сандық компонент: Зерттеудің сандық аспектісі “№16 жалпы білім беретін мектебінің” 200 жоғары сынып оқушылары мен 50 мұғалімінің іріктемесіне таратылған құрылымдық сауалнаманы қамтиды. Сауалнама сандық бағалауға арналған жабық сұрақтардан тұрады:

- Сауалнамаға қатысушылар: “Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы КММ” және “№16 жалпы білім беретін мектебінің” 100 жоғары сынып оқушылары және бірнеше мұғалімдер.

- Сауалнама сұрақтары мен жауаптар:

1. Техникалық мәселелердің жиілігі (оқушылар)

- Күнделікті: 40%

- Апта сайын: 35%

- Сирек: 25%

2. Онлайн оқытудың академиялық нәтижеге әсері (оқушылар)

- Айтарлықтай нашар: 30%

- Біршама нашар: 40%

- Өзгеріс жоқ: 20%

- Біршама жақсартылған: 10%

3. Онлайн сабақтарға қатысу деңгейі (оқушылар)

- Өте төмен: 25%

- Төмен: 35%

- Орташа: 30%

- Жоғары: 10%
- 4. Мұғалімдердің оқушылардың сабаққа қатысуын қабылдауы
 - Өте төмен: 20%
 - Төмен: 40%
 - Орташа: 30%
 - Жоғары: 10%
- 5. Онлайн оқыту құралдарының тиімділігі (мұғалімдер)
 - Тиімді емес: 50%
 - Біршама тиімді: 40%
 - Өте тиімді: 10%
 - Академиялық нәтиже деректері:
 - Онлайн оқуға көшу алдында
 - Орташа баға (GPA): 10,0-ден 8,1
 - Онлайн оқуға көшкеннен кейін
 - Орташа баға (GPA): 10,0-ден 6,9
 - Сұхбат туралы түсініктер (жинақтау):
 - Оқушылар желіден жиі ажыратылғандықтан және соның әсерінен онлайн сабақтар кезінде зейінді сақтаудағы қиындықтарға наразылықтарын білдірді.
 - Мұғалімдер сабаққа қатысудың төмендегенін және оқушылардың түсінгенін дәл бағалауда қиындықтарды атап өтті.

Талдау:

1. Оқушылардың айтарлықтай бөлігі (75%) кем дегенде апта сайын техникалық мәселелерге тап болады, бұл олардың онлайн оқытуға қатысу қабілетіне кері әсер етеді.

2. Оқушылардың 70%-ы орташа GPA-ның 8,1-тен 6,9-ға дейін төмендегеніне сәйкес, онлайн оқытуға көшкеннен кейін академиялық үлгерімнің нашарлағанын хабарлады.

3. Оқушылар де, мұғалімдер де онлайн сабақтарға қатысудың төмен деңгейі туралы хабарлайды, мұғалімдердің 60%-ы оқушылардың қатысуын төмен немесе өте төмен деп санайды.

Қорытындыларды таныстыру

● Көрнекіліктер:

- Техникалық мәселелердің жиілігін және қатысу деңгейлерін бейнелеуге арналған бағаналы диаграммалар.

- Онлайн оқытуға көшкенге дейінгі және кейінгі орташа GPA-ның өзгеруін көрсететін сызықтық график.

- Мұғалімдердің онлайн оқыту құралдарының тиімділігін қабылдауын бейнелейтін дөңгелек диаграмма.

НӘТИЖЕЛЕР

Оқушылар және мұғалімдер үшін салдары

• Оқушылар оқшауланудың және құрдастарымен және мұғалімдермен өзара әрекеттестіктің төмендеуінің психологиялық әсерін басқара отырып, оқытудың жаңа әдістеріне бейімделудің екі жақты мәселесіне тап болады.

• Мұғалімдер цифрлық құралдарды меңгеруді ғана емес, сонымен қатар оқушыларды тиімді тарту үшін педагогикалық бейімделуді талап ететін онлайн білім беруге көшудің алдыңғы қатарында. Цифрлық сауаттылықты және инновациялық оқыту әдістемелерін арттыратын кәсіби даму мүмкіндіктері осы жаңа жағдайда мұғалімдердің мүмкіндіктерін кеңейту үшін өте маңызды.

Қазақстандағы білім берудің жалпы сапасын жақсарту бойынша ұсыныстар

1. Аралас оқыту үлгілері: жеке және онлайн білім берудің ең жақсы аспектілерін біріктіретін, маңызды бетпе-бет әрекеттесулерді сақтай отырып, икемділікті қамтамасыз ететін аралас оқыту үлгілерін зерттеңіз және енгізіңіз.

2. Зерттеулер және инновациялар: тиімді онлайн оқыту тәжірибелері мен білім берудегі технологиялық инновациялар бойынша зерттеулерді ынталандыру. Білім мен ресурстарды бөлісу үшін білім беру мекемелері, технологиялық компаниялар және халықаралық ұйымдар арасындағы серіктестікті нығайту.

Бұл ұсыныстарды жүзеге асыру педагогтардың, саясаткерлердің, технологтардың және кеңірек білім беру қауымдастығының бірлескен күш-жігерін талап етеді. Қиындықтарды шешу және онлайн оқыту ұсынатын мүмкіндіктерді пайдалана отырып, Қазақстан білім беру жүйесінің тұрақтылығын, инклюзивтілігін және сапасын арттырып, оқушыларды барған сайын өсіп келе жатқан цифрлық әлемде өркендеуге дайындай алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақстандық білім беру жүйесіндегі онлайн оқыту құралдарының тиімділігін зерттеу жаһандық COVID-19 пандемиясының аясында цифрлық білім берудің күшті жақтары, қиындықтары мен әсерлері туралы сыни түсініктерді ашты. Бұл зерттеу күтпеген дағдарыстар кезінде білім беру үздіксіздігін қамтамасыз етудегі

онлайн оқытудың маңызды рөлін атап өтті, қол жетімділіктің артықшылықтарын және Zoom, Moodle, Microsoft Teams және ықтимал Bilim Class сияқты платформалар ұсынатын икемді, өздігінен жүретін оқу мүмкіндіктерінің әлеуетін көрсетеді.

Негізгі қорытындылардың қысқаша мазмұны және олардың маңыздылығы:

Нәтижелер аралас пейзажды көрсетеді, онда онлайн оқыту құралдарының артықшылықтары, мысалы, олардың құлыптау кезінде білімге қол жетімділігін сақтау қабілеті - елеулі қиындықтармен теңестіріледі. Атап айтқанда, интернет байланысының жеткіліксіздігі, интерактивтіліктің болмауы және оқушылардың қатысуына, жетістіктеріне және мотивациясына әртүрлі әсер ету сияқты мәселелер назарға алынды. Бұл міндеттер сенімді цифрлық инфрақұрылым, жетілдірілген педагогикалық тәсілдер және онлайн білім беруге көшетін оқушылар мен мұғалімдер үшін жан-жақты қолдау жүйелері қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.– [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
2. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. – [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>
3. Ж.А.Абилхаирова, Ж.Т.Баймағанбетова, Р.А.Бекмурзаева, С.А.Нургалиева (2021). COVID-19 пандемиясы кезінде қашықтықтан оқыту: Қазақстандық контекстегі академиялық талдау. *Pedagogy and Psychology*. <https://doi.org/10.51889/2021-4.2077-6861.02>.
4. Burmistrova, V. (2022). To the question of choosing the best platform for distance learning. *Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series*. <https://doi.org/10.31489/2022ped4/58-64>.

СОДЕРЖАНИЕ

<i>Казимова Д.А., Полупан К.Л.,</i> ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В НАУЧНЫХ И ТВОРЧЕСКИХ ПРОЕКТАХ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ	3
<i>Сахиев Ж.А., Ергалиева Г.С.</i> ПОСТРОЕНИЕ МОДЕЛИ ДОМА В ГРАФИЧЕСКОМ РЕДАКТОРЕ SKETCHUP	6
<i>Пазылханов Е.Т., Доумчариева Ж.Е.</i> ПРИМЕНЕНИЕ 3D МОДЕЛИРОВАНИЯ В UNREALENGINE ДЛЯ СОХРАНЕНИЯ И ПРОДВИЖЕНИЯ ИСТОРИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА	11
<i>Мауленова А.К., Китшаков С.А.</i> ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ ШАЛҚЫМА КОНЦЕРТ ЗАЛЫНЫҢ РЕДИЗАЙНЫ	17
<i>Ашимбеков А.А., Раимбаева С.А.</i> НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛЛЕРДІҢ ГРАФИКА ЖӘНЕ ДИЗАЙН САЛАЛАРЫНА ӘСЕРІ	24
<i>Жамантаев А.А., Горбунова Н.А.</i> РАЗРАБОТКА ДИЗАЙНА ВЕБ-ИНТЕРФЕЙСА ДЛЯ СЕРВИСА ПО ИНВЕРТАРИЗАЦИИ IT АКТИВОВ В КОРПОРАТИВНОЙ СЕТИ	30
<i>Каримуллина Д.Т., Турмуханова Г.Б.</i> ARCHICAD БАҒДАРЛАМАСЫ КӨМЕГІМЕН САЯЖАЙ ТҮРҒЫН ҮЙ УЧАСКЕСІНІҢ 3D МОДЕЛІН ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ	33
<i>Тәжі Н.Ш., Джунусова А.А., Найзагараева А.А.</i> АРКАДА ЖАРЫСЫ МИНИ ОЙЫН UNREAL ENGINE 4 ҚОЗҒАЛТҚЫШЫНДАҒЫ БЕТА НҰСҚАСЫ	40
<i>Ибраимов Р., Сланбекова А.Е.</i> SKETCHUP ГРАФИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ АРҚЫЛЫ САУДА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҮЛГІСІН ҚҰРУ	44
<i>Baltabay A., Raimbaeva S. A., Karymsakova B.</i> “USTAZ” STORE	47
<i>Қойшыбай Ә.Ж., Есимова Н.Б., Айдынова Б.А.</i> МОДЕЛИРОВАНИЕ АНИМАЦИОННОГО ПЕРСОНАЖА «ИНОПЛАНИТЯНИН» НА ОСНОВЕ ПРОГРАММЫ BLENDER	50
<i>Абдибеков Г.Ж., Ерекешева М.М.</i> ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ТЕКСЕРУ ҮРДІСТЕРІН ЦИФРЛАНДЫРУ СҰРАҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ	60
<i>Абумүсілім Ж.Б., Ниханбаева Н.Т.</i> ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАР	65
<i>Алдошин В.В., Мutowина Н. В.</i> РАЗРАБОТКА ВИРТУАЛЬНОГО ЛАБОРАТОРНОГО КОМПЛЕКСА ДЛЯ ВИЗУАЛИЗАЦИИ ХИМИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ	71
<i>Аманжол Р.Ү., Есекешова М.Д., Ахметжанова Г.А.</i> КОЛЛЕДЖ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИ МАҢЫЗДЫ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МОДЕЛІ	74

<i>Ахметшин Р.Р., Тасжурекова Ж.К.</i> ИНТЕРАКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ ЯЗЫКУ ПРОГРАММИРОВАНИЯ C#	78
<i>Балтабаев Н.П., Байганова А.М.</i> «ӘЛПШЕ» ОҚУЛЫҒЫНА «ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНАЙЛЫҚ» ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚОСЫМША ӘЗІРЛЕУ	81
<i>Балташова У.Д., Берікқызы М., Есембаев Р.Б., Жумағалиев С.Қ., Кенжебаева Б.Д.</i> 1–11 СЫНЫП АРАЛЫҒЫНДАҒЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ИНТЕРАКТИВТІ ОНЛАЙН МЕКТЕП ВЕБ-ҚОСЫМШАСЫ	88
<i>Василиади Н.К., Горбунова Н.А.</i> СИСТЕМНОСТЬ ОБУЧЕНИЯ РОБОТОТЕХНИКЕ НА ПРИМЕРЕ СОРЕВНОВАТЕЛЬНОЙ КАТЕГОРИИ ЛАБИРИНТ	93
<i>Горбачева А Смирнова М.А.</i> , ВИЗУАЛИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ ПО ПРЕДМЕТУ "ИНФОРМАТИКА" ДЛЯ 5 КЛАССА	98
<i>Касымова Д. С., Кусаинова У.Б.</i> АНИМИРОВАННЫЙ ПЕРСОНАЖ В ОБУЧЕНИИ	102
<i>Мусин Н.Е., Салтанова Г.А., Бағитова К.Б.</i> ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТІҢ 9 КЛАСС «ФИЗИКА» КУРСЫНЫҢ «КИНЕМАТИКА ЖӘНЕ ДИНАМИКА НЕГІЗДЕРІ» БӨЛІМДЕРІН ОҚЫП- ҮЙРЕНУГЕ АРНАЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ӘЗЕРЛЕУ	107
<i>Өміржан А.Б., Казимова Д.А.</i> ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАЛУҒА АРНАЛҒАН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРС ҚҰРУ	112
<i>Асалбек М., Жеңіс Ж.Т., Сафина Д.М., Мейрамбеков А.К., Мукашева Н.К.</i> ОҚУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ИНФОРМАТИКАНЫ 3-11 СЫНЫП АРАСЫНДА ИНТЕРАКТИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПЛАТФОРМАСЫ	117
<i>Серікбаева А.Х., Темірбулатова А.А., Жунусов Б.А.</i> ОТАНДЫҚ АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ ИМПОРТТЫҢ АЛМАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ	121
<i>Темірхан Т.Қ., Нурпеисова Ж.С.</i> ТІКЕЛЕЙ ЭФИР ЖҮРГІЗУ ҚҰРАЛЫ «OBS STUDIO»	130
<i>Үйсбек А.Е., Копеев Ж.Б.</i> «ӘЛПШЕ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚОСЫМШАСЫ»	134
<i>Ысқақова А.Е., Кельдибекова А.Б.</i> ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫН ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМШАНЫ ЖОБАЛАУ	140
<i>Алдуңгаров Т.С., Сайманова З.Б.</i> ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ҚАТЕРЛІ ІСІК АУРУЛАРЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ МЕН ӨСУІН СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ВЕБ-ҚОСЫМШАНЫ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ	145

<i>Амангелді Н.Т., Муратхан Р.</i> ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ – ӘДІСТЕМЕЛІК ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫН ТАЛДАУҒА АРНАЛҒАН ҚОСЫМШАНЫ ЖОБАЛАУ	151
<i>Бизақ Ә.Ө., Сайманова З.Б.</i> «ҰЛТТЫҚ САРАПТАМА ОРТАЛЫҒЫНДА» ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУ	161
<i>Болатов Е., Доумчариева Ж. Е.</i> MYSQL КӨМЕГІМЕН ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН СТУДЕНТТЕРДІҢ БАҒАЛАРЫН ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ҮЛГЕРІМ КӨРСЕТКІШІН КӨРУГЕ АРНАЛҒАН ВЕБ-ҚОСЫМШАНЫ ӘЗІРЛЕУ	166
<i>Дарихбаев Д., Серикбаева А.Б.</i> РАЗРАБОТКА БАЗЫ ДАННЫХ К ПРИЛОЖЕНИЮ «WORK ON»	171
<i>Жолтай А.Қ., Абилдаева Г.Б.</i> ПАЙДАЛАНУШЫ ДЕРЕКТЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҮШІН ВЕБ- ҚОСЫМШАЛАРҒА КӨП ФАКТОРЛЫ АУТЕНТИФИКАЦИЯ МЕХАНИЗМДЕРІН БІРІКТІРУ	177
<i>Зарлық Р., Алдаш Д., Тұрдалы Б., Турсумбаева А.Ф.</i> ФИЗИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН ВЕБ-ҚОСЫМШАНЫ ӘЗІРЛЕУ	181
<i>Роман А.Н., Зултыхар Ж.Е.</i> ЖИҺАЗ КОМПАНИЯНЫҢ ИНТЕРНЕТ- ДҮКЕНДІ ҚҰРУ	190
<i>Сагитов А.С., Тихомиров Д.В., Мutowина Н.В.</i> РАЗРАБОТКА WEB- РЕСУРСА ДЛЯ АНАЛИЗА И ВЫБОРА ВЫСШЕГО УЧЕБНОГО ЗАВЕДЕНИЯ ДЛЯ АБИТУРИЕНТОВ – EDUNUB	195
<i>Батыр Н., Нуркасым О., Сарыкудулы А., Смакова Н.С.</i> GEOSTORM: АНАЛИЗ СТИХИЙНЫХ ЯВЛЕНИЙ С ПОМОЩЬЮ AI	199
<i>Темирханов И., Байтемирова Н.Б.</i> ВЕБ-САЙТ «TRAVEL. KAZAKHSTAN»	204
<i>Темиртас Д.М., Спирина Е.А.</i> РАЗРАБОТКА WEB-ПРИЛОЖЕНИЯ ПРОГНОЗИРОВАНИЯ ЦЕН НА ФОНДОВОМ РЫНКЕ НА ОСНОВЕ АЛГОРИТМОВ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ	209
<i>Хабсихова Д.Ж., Айтимова У</i> «БАТЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІ» МОБИЛЬДІ-НҰСҚАУЛЫҒЫН ҚҰРУ	215
<i>Артемчук С.В., Нурпеисова Ж.С.</i> НАПИСАНИЕ МУЗЫКИ В ПРОГРАММЕ ABLETON: СОЧЕТАНИЕ ЖИВОГО И ПРОГРАММНОГО ЗВУКА	218
<i>Achilov U Suyunbayev Sh</i> DEVELOPMENT OF A PROGRAM FOR CALCULATING THE OPERATING COSTS OF TRACTION SUPPORT FOR FREIGHT TRAINS	223
<i>Балтабекова А.А., Кельдибекова А.Б.</i> PYTHON ПРОГРАММАЛАУ ТІЛІНДЕ ДЕРЕКТЕРДІ ВИЗУАЛИЗАЦИЯЛАУ	228

<i>Гузенко Н.А., Нурпеисова Ж.С.</i> МОБИЛЬНОЕ ANDROID ПРИЛОЖЕНИЕ «MEMORY»	235
<i>Жарасов У.А., Мухаметжанова Б.О.</i> ИССЛЕДОВАНИЕ И РАЗРАБОТКА СИСТЕМЫ УПРАВЛЕНИЯ ПРОЦЕССОМ СОРТИРОВКИ ПРОДУКЦИИ НА ОСНОВЕ НЕЙРОННОЙ СЕТИ	239
<i>Исраилова А.У., Тажиева Р.Н.</i> АРІ АРҚЫЛЫ АҒЫМДАҒЫ АУА-РАЙЫН КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМША ҚҰРУ	243
<i>Кемал С.К., Ерекешова М.</i> АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАНЫ ҚҰРУ	249
<i>Кәден Ә., Найзагараева А.А.</i> ПАЙДАЛАНУШЫ АҚПАРАТЫН САҚТАУҒА АРНАЛҒАН ҚОЛДАНБА	254
<i>Құлатай Е.И., Абилдаева Г.Б.</i> PREPENT ҚОСЫМШАСЫ	260
<i>Рамазан А., Серикбаева А.Б.</i> РАЗРАБОТКА И ПРОЕКТИРОВАНИЕ БАЗЫ ДАННЫХ «HOTEL»	263
<i>Рашитов Р.Ж., Байдаулетов Е.Б., Қабылхамит Ж.Т.</i> ВИКТОРИНАЛАР ҚҰРУҒА АРНАЛҒАН REDU ARENA ВЕБ-ҚОСЫМШАСЫ	267
<i>Сейдазимов А.Б., Раиымбаева С</i> PROJECT TO RESCUE A DROWNING MAN IN A POOL	272
<i>Сейдазимов А.Б., Раиымбаева С</i> АҚЫЛДЫ БАҒДАРШАМ	274
<i>Хамитов Д. Р., Созыкин И. Б., Шакирова Ю. К.</i> В собственном мире музыки: обзор мобильного приложения для прослушивания треков “SweetSound”	276
<i>Целовальник К.Д., Ергалиева Г.С.</i> ИГРА: АРКАНОИД	281
<i>Чехутский М., Нурпеисова Ж.С.</i> СОЗДАНИЕ ОНЛАЙН ПЛАТФОРМЫ ДЛЯ ОБУЧЕНИЯ ВЕБ-ПРОГРАММИРОВАНИЮ	283
<i>Янке Н.А, Савченко Н.К.</i> РАЗРАБОТКА ПРИЛОЖЕНИЯ ДЛЯ УСТАНОВКИ ЖИВЫХ ОБОЕВ В UNIX-СИСТЕМАХ	288
<i>Саратовкина А.П., Шульгина-Таращук А.С.</i> РАЗРАБОТКА ОНЛАЙН-КУРСА ПО ПРОГРАММИРОВАНИЮ НА ЯЗЫКЕ PYTHON ДЛЯ ШКОЛЬНИКОВ	291
<i>Бексары Д., Сугурова Л.А.</i> СИСТЕМА ОПТИМАЛЬНОГО УПРАВЛЕНИЯ СОСТОЯНИЯ ОБОРУДОВАНИЯ ДЛЯ ФОСФОРНОГО ПРОИЗВОДСТВА	297
<i>Қалмұрза Ә.А., Рыстығұлова В.Б.</i> МОДЕЛИРОВАНИЕ НА ARDUINO НЕКОТОРЫХ ПРИКЛАДНЫХ ЗАДАЧ	304
<i>Асетұлы Шерхан, Рыстығұлова В.Б.</i> ДОПТЫ БАСКЕТБОЛ САҚИНАСЫНА ДӘЛ ЛАҚТЫРУ ТРАЕКТОРИЯСЫН МОДЕЛЬДЕУ	310
<i>Байғунус І., Жұмағұлова С.К.</i> САУДА КӘСПОРНЫНЫҢ ТАУАРЛАРЫН ЕСЕПКЕ АЛУДЫ АВТОМАТИЗАЦИЯЛАУ	317

<i>Собиржоновна Мохинур, Мухтарова Умидахон</i> ИЗУЧЕНИЕ АЛГЕБРИЧЕСКИХ ВЫСКАЗЫВАНИЙ С ПОМОЩЬЮ ПРОГРАММЫ "ELECTRONICS WORKBENCH"	323
<i>Абумүсілім Ж.Б., Ниханбаева Н.Т., Каменова Ш.К.</i> ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ LMS MOODLE ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ	327
<i>Беков М.Н., Фазылова Л.С.</i> РЕАЛИЗАЦИЯ ЧИСЛЕННЫХ МЕТОДОВ РЕШЕНИЯ ЗАДАЧ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ФИЗИКИ В СИСТЕМЕ MATHCAD	332
<i>Жарылгапова А.Е., Шульгина-Таращук А.С.</i> ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ ШКОЛЬНОЙ МАТЕМАТИКЕ	338
<i>Ережел М.Т., Копбалина С.С., Жекеева С.С.</i> САЯХАТШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН КВЕСТ-НҮСҚАУЛЫҚ МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ӘЗІРЛЕУ	341
<i>Орынбекова А., Сегізбаева М.С., Никамбаева Н.Н.</i> LESSON STUDY - БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ПРОЦЕСТЕРІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУДІҢ ӘДІС РЕТІНДЕ	345
<i>Авазханов А.А., Каменова Ш.К.</i> ВЕБ-РЕСУРСҒЫ ҚҰРУ НЕГІЗДЕРІ	349
<i>Жаманхан А., Хасенова А.А.</i> РАЗРАБОТКА ПЛАТЕЖНОЙ СИСТЕМЫ ИНТЕРНЕТ МАГАЗИНА ЧЕРЕЗ МЕССЕНДЖЕР	355
<i>Сафина Д.М., Жеңіс Ж.Т., Хабдолда Б.</i> ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ОҢ ЖӘНЕ ТЕРІС ЖАҚТАРЫ	359
<i>Балташова У.Д., Берікқызы М., Хабдолда Б.</i> МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ИНФОРМАТИКА ПӘНІНЕН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАҚСARTУҒА АРНАЛҒАН 10 ТИІМДІ СТРАТЕГИЯ	364
<i>Авазханов А.А., Хабдолда Б.</i> ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОНЛАЙН ОҚЫТУ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ	370